сындағы қарым-қатынас нығайтылсын.
2. Ибрагимова Анар Маратовнаның оқыған баяндамасы назарға алынсын.
3. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.
4. „Алтын белгіге", „Қызыл аттестатқа" үміткерлердің құжаттары тексеріліп, аудандық білім бөліміне қатынас хат жіберілсін.
5. 2022-2023 оқу жылындағы білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтың орнын толтыру қанағаттанарлық деп танылып, жаңа оқу жылының жұмыс жоспары бекітіліп, жұмыс жалғастырылсын.
6. Аттестацияны мұғалімдердің оқыту деңгейі бақылансын, құжаттары тексерілсін.
7. 1, 5, 10 сынып оқушыларының бейімділігі қалыпты, бақылау әлеуметтік педагогқа жүктелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Б. Абдрахман
Хатшысы: А. Имантаева

## №3 хаттама

2024 жылдың 3 қаңтарындағы „Астрахан ауылының №1 ЖОББМ" КММ-нің педагогикалық хаттамасы.

Қатысуға тиісті: 35
Қатыспағандар: 2
Себепті: 2
Себепсіз: –

Күн тәртібінде:

1. I жартыжылдық бойынша атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарын қорытындылау және талдау.
(Мектеп директоры, Өтенязова А.А.)
2. Өзін-өзі тәрбиелеу - мұғалімнің білім сапасын арттырудағы кәсіби шеберлігін арттырудың бір түрі. (Имантаева А.К)

3. Жас мамандармен жұмыс және дарынды балалармен жұмыстың I жартыжылдық есебі
(Тәлімгерлер, Көшекбаева Г.А)
4. Шығармашылық/зерттеу топтарының жұмысы.
(Пән мұғалімдері, сынып жетекші)
5. Мұғалімдердің белсенді/пассивті ұстанымы
(Озық педагогикалық тәжірибені тарату)
(Көшекбаева Г.А)
6. ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының барысы.
(Мектеп директоры: Шоңғалова Г.Б)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелермен мектеп директоры: Г.Б. Шоңғалова таныстырып шыққаннан соң, бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Өтенязова сөйледі.
2023-2024 оқу жылының II тоқсанында 1-11 сынып аралығында 310 оқушыны құрайды.
1-4 сыныптар арасында I тоқсан 67%, II тоқсан 68% білім сапасын құрады. 5-9 сыныптар I тоқсан 56%, II тоқсан 60%, 10-11 сыныптар I жартыжылдық

35% білім сапасын құрады. 2-тоқсан 2-11 сыныптардың сапа көрсеткіші бойынша иеленген орындары: 1-орын 6ә сынып Жанабекова Г.Б, 2. 78%, 8а сынып Абишева С.Б. 3-орын 73% 3ә сынып Серикбаева Б.Н, 4ә сынып Өтенниязова А. 4-орын 72% 6а сынып Әмірзақ А.Қ, 5-орын 71% 10а сынып Куттыбаева Б.Е. 6-орын 70% 2ә сынып Имантаева А.К, 7-орын 67%, 10ә сынып Ерлан М, 3а Олжабек П. 65% 7а сынып Кусаинова Б.Т. 64% 2а сынып Олжабек С 10-орын 56% 11 сынып Оспанов Д.К, 11-орын 55% 9 сынып Нуралиева Д.К. 12-орын 54% 4а Утеева З.Ж, 7ә сынып Дамелхан Е, 13 орын 53% 8ә Айтмағамбетова М.Ж, 14-орын 36% 5 сынып Касымова С.Ш.

Біріншші және тәрбие жұмысы есебі бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ибраимова А.М сөзді жалғастырды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі „Біртұтас" тәрбие бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жоспарға сай қараша айында „Әжелер" клубының отырысы өтті. Отырыста әжелерді клубтың мақсат, міндетімен таныстырып, алдағы өтетін іс-шаралар туралы ақпараттар берілді. Мектебіміздің „Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының мүшелері Сүлеймен А, Хасан М „Сыбайлас жемқорлыққа қарсы" тақырыптағы эссе-

меттік рәміктер сайысына қатысып I орынға ие болды. Мектепте 27.11 күні „Ерте жүктіліктің алдын алу" атты тақырып бойынша 8-11 сынып қыздары арасында жиналыс болды. Мақсаты: ерте жүктіліктің алдын алу, денсаулыққа зияны, қылмыстық жауапкершілік және жасөспірім қыздарға кәсіби мамандар тағы ақпарат беру. 1 желтоқсан күні Астрахан ауданы Мәдениет үйінде білім бөлімінің ұйымдастыруымен „Жұлдызды сәт" сайысы өтілді. 2ә сынып финалға өтіп, өнерлерін көрсетті. Жетекшісі: Имантаева А. К. Мектебімізде 6-10 сынып арасында „Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" акциясын өткізу бойынша „Бақытты отбасы-бақытты мемлекет" атты суреттер сайысы өтті. Байжұманова Ж. У. 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай „Тәуелсіздік - тірегім" атты суреттер сайысы өтті. „Адам және сатылмайтын еңбек бейнесі" 6 сынып оқушылары арасында сурет байқауы өтті. Мектебімізде „Тәуелсіздік - тәмендігімнің тірегі" атты лездеме 1-11 сыныптар арасында өтті. Мақсаты: оқушыларымызды патриоттыққа, халқымыздың тарихын білуге, еңбек етуге тәрбиелеу екенін айтып өтті.

Бүгінгі межеле бойынша бастауыш сынып мұғалімі Имантаева А. К сөз алды. Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу кез келген әрекет сияқты мотивтер мен

белсенділіктің күрделі жүйесіне ие. Мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеуінің қозғаушы күші өздігінен даму қажеттілігі. Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу негізіндегі педагог әрекетіндегі сияқты, мақсат пен мотив арасындағы қарама-қайшылық жатыр. Мотивтің мақсатқа жылжуын қамтамасыз ету-өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі болып табылады. Өзін-өзі тәрбиелеу тұлғаның жетілуіне ұмтылу ретінде әрқашан да адамдарға тән болды. және ол өмірлік қажеттік ретінде басқа ұйымдастырылған тәрбие түрлерімен салыстырғанда анағұрлым ерте-адамзат тарихының алғашқы кезеңінде-ақ пайда болды. Педагогикалық міндеттерді шешу, оқу-педагогикалық ойындарға қатысу, әлеуметтік-психологиялық тренингболашақ мұғалімнің өздерінің педагогикалық құзыреттілігін арттыру, педагогикалық икемділіктерін дамыту мақсатымен жүргізетін жұмыстарының құралдары мен әдістері болып табылады. Қорытындылай келе, өзін-өзі кәсіби тәрбиелеу үдерісін қозғаушы күштеріне ең алдымен қоғамдық талаптар мен ауқымыстар, адамның жеке тұлға болып қалыптасу әрекеті, сонымен бірге заман талаптарына сай маман болып табылатынын айтты.

Үшінші мәселе бойынша жас маман тәлімгері Аскарова Көркем Жетписбаевна сөз алды.

Жас маман Нурдиллаева Мадина Ғаби-буллованың тәлімгері бола отырып, негізгі мақсаттары мен міндеттерді анықтадым.
Мақсаты: тәжірибелік көмек көрсету, жас маманға жетілдіру мәселелері бойынша теориялық және практикалық білімді және оның сапасын арттыру. Біз жұмысымызды үш кезеңнен құрдық.
1-кезең - бейімделу.
Тәлімгер міндеттерін анықтайды және өкілет-тіктерін жас маманның, сондай-ақ оның кем-шіліктері және дағдылары әзірлеу үшін бағдар-ламаны бейімдеу.
2-кезең - негізгі.
Тәлімгер бағдарламасын әзірлейді және іске асырады, түзетуді жүзеге асырады.
3-кезең - бақылау-бағалау.
Тәлімгер тексереді және кәсіби құзыреттілік дең-гейі жас педагогтың дәрежесін анықтайды.
Жүргізілген кеңестер мен әңгімелер перспектива-лық, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау. Сабақ өткізуге көмек көрсетілді, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сабақ жоспары, әзірлеу және қолдану, дидактикалық материалдарды сабақта қолдануға жолдарын көрсеттім. Сыныптарда алынатын БЖБ, ТЖБ жұмыстарымен таныстырып, бағалау жол-дарын көрсеткенін айтты. Дарынды оқушылар

„Алтын сақа" олимпиадасында 5-6 сынып Қазбек А I орын, Серікпай Аяна II орын, Серікбал Н III орын. „Алтын сақа" олимпиадасы 3-4 сынып I орын Қалимулла Ерасыл, II орын Әбдіхалық Н, III орын Қаби Айсана. „Ақберен" байқауы Манатова А облысқа өтті. 7-8 сынып оқушылар арасында география пәні Ұлттық олимп. Мұрат Аяжан $8^{а}$ сынып қатысқаны үшін сертификат алды.

Төртінші мәселе бойынша директордың ғылыми жұмыс орынбасары Г.А. Қамекбаева сөз сөйледі.

2023-2024 оқу жылының басында оқушылардың білім сапасын көтеру, оқушылардың білім алуда олқылықтарын анықтау және мектеп педагогтарының кәсіби қарым-қатынасын орнатуға жағдай жасау, олардың шығармашылық белсенділігін арттыру, кәсіби біліктіліктерін жетілдіру мақсатында мектепте зерттеу жобасын іске асыру мақсатында мұғалімдер арасында 3 шығармашылық топ құрылды. Әр топ 8 мұғалім, 1 жетекшіден құрылған. I Шығармашылық топтың жетекшісі Қазанбаева А.А. II топтың жетекшісі Абишева С.Б III топтың жетекшісі Оқжабек Сайран. I тоқсан нәтижесіне қарай ең төмен білім сапасын көрсеткен $4^{а}$, 5, $7^{ә}$ сыныптары зерттеуге алынып, оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында А, В, С деңгейіндегі оқушылар анықталып, әр топ мұғалімдері жетекшімен бірлесе отырып, жоспар негізінде зерт-

теу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қоса тәлімгерлік жұмыстар арқылы жас мұғалімдердің модульді сабақта қолдануын қадағалау мақсатында сабаққа қатысу ұйымдастырылды.

Бесінші мәселе бойынша Г.А. Кошекбаева сөзін жалғастырды. Мұғалімнің кәсібінің ерекшелігі ең алдымен оның педагогикалық әдебіне жатады. Мұғалім мен оқушылардың қатынасында көптеген жағдайлар бар. Педагогтік шеберлік - тек қана мұғалімнің әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол - әр сөзді оқушыларға оқушыларға жеткізе білуі, олардың толық қабыл алуы, тағаныр бойна сіңіруі. Мұғалім кез - келген нақты жағдайда дұрыс бағытталған оқушының көптеген сапаларын жұмсартуға арналған ерекше жалғыз қатынасу жолын таба білуі қажет. Мұғалім оқушыларын өз сезімдерін басқара алуға үйреткені жөн. Мұғалім мен ата-ананың өзара іскерлік қатынасы тез арада өздігінен келе қоймайды. Олар мұғалімнің саналы, мақсатты бағытталған, шығармашылық жұмысы - оның нәтижесінде келеді. Ата - анамен байланысты тек қана мамандық міндетім деп емес, қызықты, білімді көп тоқыған әңгімелесушім деген оймененен жасаған дұрыс. Ата - анамен жан - жақты байланысу формасы - ол мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің көрсеткіші екеніне айтып өтті.

Аттынның межеле бойынша мектеп директоры Г. Шонгалова сөзді жалғастырды. Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі ҚР Білім Министрлігінің нормативтік құқықтық актілерімен нұсқаулары негізінде жүзеге асырылады. Осы негізде мектепте жұмыс жоспары құрылып, қазіргі дайындау жұмыстары жалғасуда.

Барлық көрсетілген пәндер бойынша 4, 9 сынып оқушылары арасында сынақ тесттері өткізілді, талдау жасалды. 14.11.2023 ж күні 4 сыныптармен байқау сынағында барлық пәндерден 100% үлгерім бағанымен, білім сапасы өте төмен. Атап айтсақ, 4ᵃ сынып матем. сауаттылық 31%, жаратыл. ғылыми сауат. 30%. Сынып жетекшісі: Утеева З. Ж 15.11.2023ж күні 9 сыныптарда болған байқау сынағында да математикалық сауат-тан 21%, жаратыл. ғылыми сауат-тан 28% білім сапасын көрсетті. Бұл көрсеткіш нені байқатты? Оқушылардың математикалық құралдармен жұмыс істеуге, математикалық ұғымдарды, фактілерді, теорияларды қолдануға әлі де дайындықтың керектігі анықталды. Пән мұғалімдері, оқу процесін жоспарлауда математикалық са[...]ықты бағалаудың маңызды бағыттарына [...]ңызздар! Оқушыларға бір уақытта [...]ат көздерін таңдауға үйретіңіз- Жетін[...]сабақтар, консультациялар бекіт-

ген кесте бойынша өткізілуін жіппшілік тарапынан қатаң бақылауға алынады. Сондықтан 4 сынып мұғалімдері, 9 сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдері, осы жүргізіліп жатқан жұмыстардың, байқау сынақтарының сәтсіз орындалу себептерін талдап, анықталған кемшіліктерді жойып, олардың алдын алу бойынша түзету жұмыстарын ұйымдастырыңыздар.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап, талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. I жарты жылдық бойынша атқарылған оқу-тәрбие жұмыстары жетілдіріліп, білім сапасын көтеру мақсатында жұмыстар жүргізілсін.
2. А.К. Имантаеваның баяндамасы қанағаттанарлық, назарға алынсын.
3. Жас мамандармен жұмыс және дарынды балалармен жұмыстың есебі қанағаттанарлық болып танылсын, жұмыс жалғастырылсын.
4. Шығармашылық топ жұмыстары бойынша жұмыс жүргізілсін, зерттеуге алынған сыныптарды бақылау жалғастыру жұмысы жүргізілсін.
5. Мұғалімдердің ата-анамен, оқушылармен, мұғалімдермен жақсы қарым-қатынас орнату алдағы уақытта да жалғасын тапсын.
6. ББЖМ-не дайындық жұмыстары арнаулы нұсқаулықтар негізінде жүйелі, нәтижелі

түрде жалғастырылсын. Үлгерімі төмен оқушыларға сараланған тапсырмалар дайындалсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: [signature] Г. Шонгалова

Хатшысы: [signature] А. Имантаева

№4 хаттама

2024 жылдың 27 наурызындағы

„Астрахан ауылының №1 ЖОББМ" КММ-нің

педагогикалық кеңес хаттамасы

Қатысуға тиісті: 35

Қатыспағандар:

Себепті:

Себепсіз:

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: „Өзгелерді үйрету үшін өз бетіңше үйрен"

1. Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 3-тоқсанда атқарылған жұмыстарды қорытындылау және талдау. (Тоқсан қорытындысы бойынша оқыту сапасының нәтижелері)

(Отениязова А.А, Ибрагимова А.М)

2. Тоқсанда атқарылатын жұмыстар мен міндеттер. „Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру" айлығының қорытындысы.

(Кошекбаева Г.А)

3. Шығармашылық/зерттеу топтарының жұмысы

(Кошекбаева Г.А)

4. 9-сынып оқушыларының кәсіптік бағдарын анықтау.

(Ибрагимова А.М)